





КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



? Жоспар:

- ? Кәсіпорынның қаржылық ресурстары
- ? Қаржылық ресурстарды жоспарлау
- ? Кәсіпкерліктегі лизингтік операциялар



Кәсіпорынның қаржылық ресурстары

? *Кәсіпкерлік ұйымдарды қаржыландыру - бұл жай және ұлғаймалы ұдайы өндірісті қаржылық қамтамасыз ету шарттары мен қағидаларының, нысандары мен әдістерінің жиынтығы.*



- ❑ *Қаржыландыру* деп ақшалай қаражаттардың қалыптасу үрдісін немесе кең мағынада - капиталдың барлық түрлерінің қалыптасу үрдісін айтады. «Қаржыландыру» түсінігі «инвестициялау» түсінігімен тығыз байланысты
- ❑ Қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану үрдісінде кәсіпорында нарықтың басқа субъектілерімен қаржылық қатынастар пайда болады. Дәл осы қатынастар кәсіпорын қаржысының мәнін құрайды.





Қаржылық ресурстарды жоспарлау



? *Қаржылық жоспар* - бұл ағымдық (бір жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (бір жылдан астам уақытқа) кезеңге ақшалай қаражаттардың түсуі мен жұмсалудың сипаттайтын жоспардың қорытынды құжаты. Бұл жоспар болашақ ақшалай ағымдардың сапалы болжамына қол жеткізу үшін қажет.



Кәсіпорынның қаржылық жоспарының міндеті:

- ? орта мерзімді қаржылық перспективаны болжау үшін. Орта мерзімді қаржылық жоспарды әдетте, бір жылға жасайды және көрсеткіштер әр тоқсанға болу арқылы құрастырылады.



Жоспарлау қағидалары :

Жүйелік жоспарлау қағидасы.

Жеке бөлімшелердің жоспарларын
қадағалау қағидасы.

Қатысушылық қағидасы.



Үздіксіздік қағидасы.

Икемділік қағидасы.

Нақтылық қағидасы.

КӘСІПКЕРЛІКТЕГІ ЛИЗИНГТІК ОПЕРАЦИЯЛАР

? *Лизингтік қызмет* - бұл мүлікті алу мен оны лизинг-ке беру бойынша инвестициялық қызмет. Лизинг - лизинг келісімшартын жүзеге асыру үшін, оның ішінде лизингтік затты алу мақсатында экономикалық және құқықтық қатынастардың жиынтығы





Өткізу мерзіміне байланысты келесідей
лизинг түрлерін бөлін көрсетуге болады:



ұзақ мерзімді лизинг - үш жыл және одан
астам мерзімде жүзеге асырылатын лизинг;

орта мерзімді лизинг - 1,5-3 жыл
аралығында жүзеге асырылатын лизинг;

қысқа мерзімді лизинг - 1,5 жылдан аз уақыт
аралығында жүзеге асырылатын лизинг.

? *Лизингінің тартымдылығы* кәсіпорынның құрал-жабдық сатып алу үшін бір мезгілде өз қаржылық ресурстарын жұмсамайтындығында. Өйткені банктер оны өз қаражаттары есебінен сатып алады. Банктер ақырында құрал-жабдықты сатып алуға деген бастапқы шығындардан жоғары болатын жалға беру ақысы түрінде табыстар алады.

